

## **"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы бойынша есептеме жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 1900

Мұнайгаз кешені кәсіпорындарының қаржы жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі беріліп отырған тізбеге сәйкес республика бюджеті мен салық төлемдері бойынша республика бюджетіне жалпы сомасы 589235 мың (бес жүз сексен тоғыз миллион екі жүз отыз бес мың) теңге берешегі бар "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы еншілес ұйымдарының арасындағы берешекке бір жолғы есептеме жүргізісін.

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 Заң күші бар Жарлығына қосымшаның "Сыртқы экономикалық қызмет" III бөлімінде көзделген, сыртқы қарыздарды өтеу үшін, бұл сомалар "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы ұйымдарының уақытша тартылған

қаржыларының қайтарым шотына есептелсін.

2. Берешек есептеме аталған сома республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінде көрсетіліп, 1995 жылғы 29 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1995 жылғы  
30 желтоқсандағы  
N 1900 қаулысына  
қосымша

Сыртқы қарыздарды өтеу үшін, уақытша таратылған қаржылардың қайтарым шотына есептемеге алынған республика бюджетіне салық төлеуде берешегі бар "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ еншілес ұйымдарының  
Тізбесі

|                           |                     |                       |         |             |
|---------------------------|---------------------|-----------------------|---------|-------------|
|                           | Қосылған құнға      | Заңды тұлғалардан     |         |             |
| NN "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ | салынатын салық     | табыс салығы          |         |             |
| еншілес ұйымдарының       | (республика         | (республика бюджетіне |         |             |
| атауы                     | бюджетіне бөлінетін | бөлінетін %-80,3)     |         |             |
|                           | %-90)               |                       |         |             |
|                           | берешек             | есептелетін           | берешек | есептелетін |
|                           | сома                |                       | сома    |             |

|   |       |       |        |        |
|---|-------|-------|--------|--------|
| 1. "Қаламқасмұнайгаз" МГӨБ                              | 73404 | 66064 |        |        |
| 2. Жетібай бұрғылау жұмыстары басқармасы                | 7185  | 6467  |        |        |
| 3. Бозашы технологиялық транспорт басқармасы            | 5898  | 5308  | 2177   | 1748   |
| 4. Маңғыстау технологиялық транспорт басқармасы         | 6332  | 5699  | 4158   | 3339   |
| 5. Автомобиль жолдары басқармасы                        | 7093  | 6384  | 5383   | 4323   |
| 6. Топтасқан ақпаратты есептеу орталығы                 | 496   | 446   |        |        |
| 7. Өндірістік қызмет көрсету орталық базасы             | 2107  | 1896  | 1923   | 1544   |
| 8. Арнаулы техникалар мен жабдықтарды жөндеу басқармасы | 3340  | 3006  |        |        |
| 9. Маңғышлақ мұнара монтаждау басқармасы                | 5823  | 5241  |        |        |
| 10. Қаламқас құрылыс-монтаж басқармасы                  | 2831  | 2548  | 3494   | 2806   |
| 11. "Жетібаймұнайгаз" МГӨБ                              |       |       | 173051 | 138960 |
| 12. Жетібай технологиялық транспорт басқармасы          | 14236 | 12812 | 825    | 662    |
| 13. N 2 жылжымалы механикалық колонна                   | 2346  | 2111  |        |        |

---

Жиыны 131091 117982 191011 153382

---

---

Ренталық (тіркелген) | Республика бюджетімен  
төлемдер) республика | есептемеге жататын  
бюджетіне бөлінетін %-90)| барлық сомасы

---

берешек | есептелетін |  
| сома |

---

64162      57746      123810

6467

7056

9038

10707

446

3440

3006

5241

5354

399085

13474

2111

---

353190      317871      589235

---